

Алтын күз келді бақшама!

Тобы: Зерттеуші бүлдіршін

Армысыздар құрметті қонақтар, ата - аналар, баршаңызды күзгі мейрамдарыңызбен құттықтаймыз. Құттықтай отырып бүгінгі біздің «Зерттеуші бүлдіршін» ересек тобының «Алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Рабия

Мерекесі халықтың
Алтын күзді бастайық
Алтын күзге арналған
Ертеңгілігімізді бастайық



Нұрислам :(Танданып, хатты тауып алып , жүгіріп алып келеді, онда күзгі орман, шақыру билеті бейнеленген)

Балалар мынау не? Бұл хатты кім тастап кетті екен, қазір Гүлмейрам Болатбекқызына берейін бізге хаттың ішінде не жазылғанын оқып берсін. (проблемалық жағдаяттан балаларға шығу амалын тапқызу)

Тәрбиеші: Шақыру билеті ғой, мүмкін бізді қонаққа шақырған шығар.

Нұрислам: Кім шақырған екенін ?

Тәрбиеші: Бізді Алтын күз сарайына қонаққа шақырыпты. Ендеше бәріміз жолға шығайық.....

Нұрислам: Жол қысқарсын, ән салып, би билейік.

Рәбия: Олай болса **«Күзгі табиғат» биін** тамашалаңыздар.



(Балалар егінші атаға кездеседі).

Егінші ата :(Балалардың алдынан шығып) Сәлеметсіңдерме балалар?

Жорытқанда жолдарың болсын, қайда бара жатырсыңдар?

Рабия :Сәлеметсізбе ата (балалардың жауабы), бізді «Алтын күз» мерекесіне шақырды.

Нұрислам : Ата бізге жол көрсетіп жіберіңізші.

Егінші ата :Жарайды бірақ менің сендерге өтінішім бар еді?

Жеміс-көкөністерім жаңғақтармен араласып араласып кетіпті. Соны кедергілер арасынан өтіп себетке жинап берсеңдер.



Нұрислам: Балалар, келіндер көмектесейік

Рабия: Егінші ата енді бізге жол көрсетсеңіз

Егінші ата:Әрине-әрине жол көретемін. Бірақ сендерге бір сұрақ?

- Сендер осы егін туралы не білесіңдер?

Нұрислам:Егінші ата балалардың «Уражай» өлеңін тыңдау арқылы олардың егін туралы көп нәрсе білетінін көресіз.

Егінші ата : жарайды онда тыңдап көрейін...

Хор: «Уражай»



Егінші ата: Балалар сендер Алтын күзге арналған тақпақтар білесіңдер ме?

Егер тақпақты маған жақсылап айтып берсеңдер мен сендерге жол көрсетемін.

ТАҚПАҚТАР



Мағжан:

Сары алтындай, сары күз
Келді бізге қонаққа
Сыйлығында ала келді
Егіндегі жемісті

Серік Алихан Сары ала тон жамылған
Күз атамыз секілді.
Қойма толы дәмді нан
Тәттісі көп неше түрлі

Әл-Хәкім: Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды
Тырнасы тізілген
Ұнатам күзді мен.

Ансар: Бүгін мейрам, бүгін той
Қуанышты күн біліп қой
Күзгі бақтай сыңғырлап
Алақанды соғып қой деп

Айсұлтан : Алма пісіп, алмұрт түсіп
Күзде бақтар жайнайды
Құстар қайтып қош айтысып
Қимас үнмен сайрайды

Бексұлтан: Томпақ, томпақ асқабақ
Жатыр пісіп домалап
Ерінбей жинаймыз
Себетке біз саламыз

Рабия: Егінші ата енді бізге жол көрсетсеңіз жақсы болар еді.....
Ата (Ішкі қалтасынан жіпті шығарып тәрбиешіге береді де) міне мынау
сендерге көмегім. (Балалар таң қалып қарап тұрғанда, білдіртпей шығып кетеді)

Тәрбиеші: балалар бұл жіпті бізге неге тастап кетті екен?

Нұрислам : Ұқтым, бұл жіп бізге жол көрсетеді.



Тәрбиеші: Олай болса Нұрислам жіпті лақтырып көрші жерге..... деген кезде
найзағай жарқылдайды.

Нұрислам: Балалар, күн бұлттанып, жаңбыр жауайын деп тұрған сияқты, жаңбыр мен бірге нұр келер. Кәне жаңбыр әнін бірге орындайық.

Хор: «Жаушы жаңбыр»

(Әннен кейін залға секіріп батпақ қыз кіреді де аяғы әлгі жерге лақтырған жіпке оратылып құлайды.)

Батпақ қыз: Тамаша-тамаша, құй жаңбыр-құй. (Балаларды көріп тоқтай қалады да) Мында не қыл деп жүрсіндер, бар-бар кетіндер, әйтпесе үстеріңе батпағымды шашамын (қолын көтеріп, шашпақша болады).

Тәрбиеші: Балалар мынау кім болды. Бізді көріп ашуланып қалды ғой. (Балалардың жауабы)

Батпақ: (Көзін алайтып, таңдана) Мені танымайсыңдар ма, мен жаңбырдан кейін бүкіл жолда шалқайып жатамын ғой. Сендердің аяқ киімдеріңе жабысамын.

Нұрислам: (Батпақ қызда айналып жүреді де) түсінбедім, жаңбырдан соң жолда не болушы еді.

Батпақ қыз: (Екі қолын беліне таянып). Иә-иә, бұл мен Б А Т П А Қ Қ Ы З Б Ы Н.

(кір қолымен балаларды ұстағысы келеді).

Тәрбиеші: (Оны тоқтатып) Батпақ қыз, қолың неге кір. (балалардан сұрайды) Балалар кір қолмен жүруге бола ма? (Балалардың жауабы)

Батпақ қыз: (Желкесін ұстап) А-а-а, мұнтаздай таза болып жүру үшін не керек.

Тәрбиеші: Қамықпа Батпақ қаз, (балаларға)

Балалар, келіңдер **«Сү» ансамблы** арқылы батпақ қызды тазартып берейік



Батпақ қыз: Енді мен тап-таза болдым, сендермен бірге билеп көңіл көтерсем бола ма?

Тәрбиеші: Әрине

Би «Кукарача»



Батпак қыз:(Қуанып)Қандай керемет сендер өнерлі екенсіңдер, ал өздерің қайда барасыңдар? (Балалардың жауабы)

Нұрислам:Рахмет бізді Алтын күз өз тойына шақырған.

Тәрбиеші: Батпак қыз бізбен бірге жүр.

Батпак Қыз:(шапалақтап қуанып) Алақай-алақай менде тойға барамын.
(Үлкен сарайдан Ханшайым шығады).

Ханшайым:

Қош келдіңдер қадірлі қонақтар, балғын бүлдіршіндер. Менің елімнің құтты қонақтары болыңдар, төрге шығыңдар. (Балалар амандасады)

Кәне, жемістерім ортаға шығып билеп беріңдерші

Би: «Жемістер мен көкөніс»



Ханшайым:Тамаша,керемет мен сендерге қатты риза болып отырмын.
Сендердің байлықтарың- ол білімдерің, жақсы тәрбиелерің мен өнерлерің ,жарайсыңдар.

Нұрислам: Балалар келіңдер Алтын күзге арналған тақпағымызды айтайық



Инжу: Жаздағыдай балалар
Далада көп жүрмейді
Еңбекшілер егінен
Дем алуды білмейді.

Қуантхан Айша: Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

Талғат Айсана: Қамба толы астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштық та
Қап-қап бидай алдық біз

Балайым: Келді міне, алтын күз ,
Сары шашты жарқын жүз.
Мол өнімді әр ісімен
Риза етіп халқын қыз.

Еркеназ: Алтын дәнін сары дала
Құйып жатыр қамбаға.
Күз еңкейе береді,
Жер жемісін тереді.

Алдамұрат Айша: Қолшатырлар көбейіп,
Бұлт тұмшалады өңірді.
Келді міне алтын күз ,
Аспан жасы төгілді.

Айғали Алихан: Жүк машина айдаймыз
Үйге бара жатырмыз
Қақпаны ашыңдар
Егін елді бақшадан

Тәрбиеші:Енді Алтын күзге арналған Орыс тіліндегі тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.



Айкөркем: Падают,падают листьѧ
Внашем саду листопад
Жолтые,красные листьѧ
По ветру выюти летѧт

Еркемай: Здравствуй, осень! Как дела?
Ты надолго к нам пришла?
Приготовила уж краски
Чтоб одеть деревьям маски

Кәусар: Осень я люблю за то
Что пора носить пальто
И сапожки одевать
Чтобы по лужам погонять

Батпақ қыз: Алтын күз балалар өте өнерлі екен, Рабия қызымыз әнші екен
мүмкін бірге әнін тыңдармыз.

Жеке ән: «Алтын күз келді еліме!» Орындаушы: Әліпбай Рабия



Тәрбиеші: Балалар бізге бақшаға қайтатын уақыт келді Алтынкүз сізге көп
рахмет, рұқсат болса біз өзіміздің балабақшамызға қайтайық.

Ханшайым: Әрине балалар, сендердің менің сарайыма келгендерің қандай
жақсы болды. Сендерге де рахмет! Сендердің арқаларыңда көңілім бір көтеріліп
қалды. Ал мынау менің сыйым(деп алма таратады)



«БЕКІТЕМІН»
КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы
меңгерушісі _____ Қ.Қ.Қарақұлова
_____ 2022жыл

Алтын күз келді бақшама!

Тобы: «Зерттеуші бүлдіршін» ересек топ
Тәрбиеші: Махмутова Гүлмейрам

2022-2023 оқу жылы